



### «БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Президенті Х.С.Абдибеков  
2017 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХҚТУ-078-2017

#### ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ ФЫЛЫМИ КИТАПХАНАНЫҢ КИТАПХАНАШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРИН АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Фылыми кітапханамен Әзірленді және енгізілді
2. Әзірлегендер
  - Фылыми кітапхана директоры А.Абсеметова
  - Директор орынбасары А.Нысанбаева
3. Келісілді
  - Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент Б.Б.Ахметов
  - Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы Ж.Дарибаев
  - Құқық бөлімінің басшысы А.Абсеметов
  - Әкімшілік кадр бөлімінің басшысы А.Каримова
4. Енгізілді – 2017
5. Тексеру мерзімі – 2019

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан

К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті баскармасы	ТЕКСЕРІЛДІ:	2019 ж.
«04» 09	2019 ж.	
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:		
«04» 09	2019 ж.	
К.А. Ясауи атындағы Халықаралық Казак-Түрік Университеті Сапа менеджментінің жүйесі Жұмыс дәнасы № 67 05		
2017 ж.		

<i>Кожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-078-2017</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<b>Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттін 2 –ші беті</b>

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Аттестаттауды өткізу мерзімі және аттестаттау комиссиясының құрамы	3
3. Кадрларды аттестаттауды өткізу тәртібі	4
4. Аттестаттау комиссиясының шешімдерін іске асыру	5
5. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
6. Келісу, сактау және тарату	6

### Қосымшалар:

Қосымша 1: Аттестация парагы	7
Қосымша 2: Танысу парагы	8
Қосымша 3: Өзгерістерді тіркеу парагы	9

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-078-2017</b>
<b>Сана менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттін 3 –ші беті</b>

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттаудың Ережесін әзірлеу кезінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 17 тамыздағы №827 бүйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары, бастауыш және орта кәсіптік және жалпы орта білім беру ұйымдары кітапханаларының басшы қызметкерлері мен мамандарын аттестаттау туралы Ереже», Мемлекеттік мәдениет үйымдарының азаматтық қызметкерлерін аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2016 жылғы 29 маусымдағы №189 бүйрығымен бекітілген ережесі негізге алынды.

Ереже К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау үшін, аттестаттау комиссиясын құру мен оның жұмысын, аттестаттауға дайындық жұмыстары мен өткізілу тәртібін, қызметкерлер үшін аттестаттау өткеннен кейінгі шараларды аныктайды.

1.2. Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау кітапханашылардың, кәсіби шеберлігінің деңгейі мен іскерлігінің кәсіптік лауазымы бойынша талаптарға сәйкестігін анықтау және кадр резервін калыптастыру мақсатында өткізіледі.

1.3. Аттестаттауға мыналар жатпайды:

- жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары кітапханаларының директорлары ;
- аттестаттау сәтінде атқаратын лауазымында бір жылдан аз жұмыс істеген тұлғалар;
- зейнетке шығу сәтінде екі жыл қалған тұлғалар;
- жұкті әйелдер;
- бала күтімі бойынша демалыста жүрген және үш жасқа дейінгі балалары бар аналар (олар жұмысқа шыққаннан кейін бір жылдан кейін ғана аттестаттауға жатады);
- қоса атқару бойынша жұмыс істеушілер;
- уақытша қызметкерлер (жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына).

1.4. Аттестаттау кезінде қызметкердің кәсіптік қызметтік міндеттерін атқаруы мен кәсіби дамуын, қол жеткізген нәтижелерін бағалаудың негізгі критерийлері:

- кәсіби құзіреттілік: білім беру, мәдениет саласының дамуын айқындайтын нормативтік-реттеуші құжаттарды, кітапхана ісінің теориясы мен практикасын білу;
- кәсіби шеберлік және коммуникативтік мәдениет: қызмет этикасы, еңбек және атқарушылық тәртіп, шығармашылық бастамашылдық, ақпарат және коммуникациялық технологияларды менгеру, өздігінен кәсіби білім алу;
- жалпы мәдениет: өзара карым-қатынас этикасы, қоғамдық-саяси белсенділік, дүниетаным деңгейі.

## 2 АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

2.1. Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау кем дегенде үш жылда бір өткізіліп отырады.

2.2. Аттестаттау комиссиясы құрамы білім беру ұйымдарының басшыларынан (комиссия төрағалары құқығында), білім беруді басқару органдарының мамандарынан (кітапхана жұмысын үйлестіретін кітапхана мамандар; әдіскерлер) білім беру ұйымдарының кадр және зан қызметінің жетекшілерінен, кітапхана ісінің білікті мамандарынан, кәсіподак ұйымының өкілдерінен құралады.

2.3. Аттестаттау комиссиясы төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, жалпы басшылыкты жүзеге асырады және қызметі және қабылдаған шешімдері үшін жауап береді.

<i>Којса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-078-2017</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<b>Фылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттін 4 –ші беті</b>

2.4.Аттестаттау комиссиясының жеке құрамы мен аттестациялауды өткізу күні білім ұйымы басшысының бүйрығымен бекітіледі.

2.5.Аттестаттау комиссиясының жоқ мүшелерінің орнын басуға рұқсат етілмейді.

### **3 КАДРЛАРДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

3.1. Кадрларды аттестаттаудан өткізу мыналарды қамтиды:

- білім беру ұйымы басшысының аттестаттауды өткізудің мерзімдері мен кестесі және аттестаттау комиссиясының құрамы туралы тиісті бүйрық шығаруды;
- аттестаттаудан өткізу жөніндегі құжаттарды әзірлеуді;
- аттестаттаудан өтетін қызметкерге қажетті құжаттарды әзірлеуді.

3.2.Аттестаттауға жататын қызметкердің қызметін, толық жариялышық тұрғысында және қолданыстағы еңбек заңнамасын қатаң сақтай отырып, объективті бағалау негізінде жүргізіледі. Аттестаттау формалары аттестацияланушының еңбек қызметінің ерекшеліктеріне қарай іріктеледі (жазбаша тестілеу, сұхбат, жазбаша емтихан, және т.б.).

3.3. Аттестаттауға жататын әр қызметкерге аттестаттауды өткізерден екі апта бұрын қызметтік мінездеме әзірленеді.

3.4. Аттестаттауға жататын қызметкерлеріне қызметтік мінездемені кітапхана директоры әзірлейді. Онда қызметкердің қызметіне қойылатын нақты жағдайлар мен талаптарға сүйеніп жан-жақты әрі шынайы баға беріліп, оның кәсіби құзыretі, шығармашылық ынталысы сипатталады, сондай-ақ аттестацияланатын қызметкердің еңбек тиімділігін арттырудың қажетті ұсыныстар беріледі.

3.5. Мінездемені аттестаттау комиссиясына өткізу кем дегенде бір апта бұрын аттестацияланушы мінездеме берілген өз жұмысының бағасымен танысуы тиіс. Тілекпен және жұмыс бағасына келісілген жағдайда аттестацияланушы аттестаттау өткізілгенге дейін аттестаттау комиссиясына жазбаша келіспеу хатын береді. Ол аттестаттау комиссиясының мәжілісінде қаралуы тиіс.

3.6.Аттестаттау комиссиясы өткізілген материалдарды қарап, аттестацияланушының өз жұмысы жөніндегі мәліметін тындайды. Тындауға аттестацияланушы тікелей бағынатын бөлімше басшысы қатысады.

3.7. Аттестаттау комиссиясы қызметкердің өзі болмаған кезде аттестаттауды жүргізе алмайды.

3.8. Қызметкердің аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелсіз себеппен келмеген жағдайда аттестацияланушы аттестаттаудан өтпеген деп танылады.

3.9. Әрбір аттестацияланушы бойынша аттестаттау комиссиясы жасырын және ашық дауыспен (дауыс беру рәсімі бойынша шешімді аттестация комиссиясы қабылдайды) мына қорытындының бірін шығарады:

- атқаратын лауазымына сәйкес; (3 жыл)
- қайталама аттестаттауға жатады; (1 жыл ;2 жыл)
- атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

3.10. Аттестаттаудан өтпеген аттестацияланушы тұлғалар үшін қайталама аттестаттау білім беру үйимдары кітапханаларының кадрларын аттестаттаудың осы Улгі қағидаларында белгіленген тәртіппен бастапкы аттестаттау өткізілген күннен кем дегенде үш айдан кейін өткізіледі.

3.11. Дауыс беру аттестаттау комиссиясы жұмысына оның мүшелерінің 2/3 –сі катьысан жағдайда дұрыс деп саналады. Дауыс беру нәтижесі дауыс көпшілігімен белгіленіп, комиссия мәжілісінің хаттамасына енгізіледі. Қызметіне баға беруде дауыстар тең болған жағдайда аттестацияланушы қызметкер атқаратын қызметіне немесе арыз берген категориясына (разряд) сәйкес келеді деп танылады.

<b>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-078-2017</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттің 5 –ші беті</b>

Талқылау нәтижесі бойынша дауыс беру аттестацияланушы жоқ кезде өткізіледі.

3.12. Қызметкердің қызметіне берілген баға мен аттестаттау комиссиясының ұсыныстары екі данамен толықтырылатын Аттестация парағына (1 қосымша) түсіріледі және отырыска катысқан аттестаттау комиссиясының барлық мүшелері қолын қояды. Аттестаттау комиссиясының мәжілісі хаттамамен рәсімделеді. Аттестаттау комиссиясы материалы шешім қабылдау үшін білім беру үйімінің басшысына жіберіледі.

3.13. Аттестация комиссиясының шешімі дауыс берудің жалпы қорытындалары шығарылғаннан кейін тікелей аттестацияланушының назарына жеткізіледі.

3.14. Аттестаттаудан өткен қызметкерлердің аттестация параптары және оларға берілген қызметтік мінездемелер қызметкердің жеке ісінде тұрақты сақталады.

#### **4 АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІН ІСКЕ АСЫРУ**

4.1. Кітапхана қызметкерлері аттестаттаудан өткен білім беру үйімінің басшысы аттестаттау өткізілген күннен бастап екі айдан кешіктірмей аттестатталған қызметкерлерге біліктілік категориясы тағайындау туралы аттестация комиссиясының шешімі негізінде бұйрық шығарады.

4.2. Аттестаттау комиссиясы шешімдері бойынша біліктілік санаттар берілген қызметкерлерге белгіленген үлгі бойынша куәліктер (№5 форма) табыс етіледі. Куәліктің көшірмесі қызметкерлердің жеке ісінде сақталады. Куәлікті табыс ету журналға тіркеледі.(№6 форма)

4.3. Аттестаттау нәтижесі бойынша берілген біліктілік санат пен тарифтік разряд аттестация өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

4.4. Аттестаттау комиссиясы шешімен атқаратын лауазымына сәйкес келмейді деп танылған кітапхана қызметкерлері жұмыстан босатылады немесе оның жазбаша келісімімен аттестаттау өткізілген күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей басқа жұмысқа ауыстырылады.

Ауыстыруға келіспеген кітапхана қызметкерлері сол мерзім ішінде атқаратын лауазымынан босатылады. Науқасталған уақыты, сондай-ак екі ай демалыста болған мерзімі есепке алынбайды.

Аталған мерзім аяқталғаннан кейін кітапхана қызметкерін аттестаттау нәтижесі бойынша босатуға немесе оны лауазымында төмендетуге, лауазымдық окладына үстемелерді альп тастауға рұқсат етілмейді.

4.5. Аттестаттау нәтижелері бойынша босатылатын кітапхана қызметкерінің еңбек кітапшасына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жазба енгізіледі.

4.6. Кітапхана қызметкеріне басқа жұмысқа ауысқан кезде аттестаттаудан өткені туралы бұйрықтын көшірмесі беріледі.

4.7. Аттестаттау нәтижесі бойынша атқаратын қызметіне сәйкес емес деп танылған қызметкерлерді босату немесе басқа жұмысқа ауыстыруға байланысты шешімдерін іске асыруға катысты еңбек даулары жеке еңбек дауларын шешу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай қарастырылады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	УЕ-ХҚТУ-078-2017
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі
<b>Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>	9 беттін 6 –ші беті

## 5 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

5.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс. (Қосымша 3).

## 6 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

6.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

6.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі ғылыми кітапханаға жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Вице-президенттер, кәсіподақ комитетіне, құқық бөліміне, кадр бөліміне.

6.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын Аккредитация және рейтинг орталығы сақтау жауапкершілігі АРО басшысына жүктеледі.

## КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент



Б.Б.Ахметов

Аkkredитация және рейтинг  
орталығының басшысы



Ж. Дарибаев

Құқық белімінің басшысы



А.Абсеметов

Әкімшілік кадр белімінің басшысы



А.Каримова

<b>Кожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-078-2017
<b>Сана менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>		<b>9 беттің 7 –ші беті</b>

## ҚОСЫМША I

### Аттестаттауға жататын қызметкерге аттестация парагы

Аттестаттаудың түрі: кезекті -  қайталама -   
(қажеттің Ҳ белгісімен белгілеңіз)

Аттестацияланушының тегі, аты-жөні \_\_\_\_\_

Тұған күні «\_\_\_\_\_» 19 \_\_\_\_\_ ж

Ұлттық \_\_\_\_\_

Білімі \_\_\_\_\_

(қандай оқу орнын бітірген жсәне қашан)

(алған мамандығы мен біліктілігі)

Аттестаттау сәтіндегі атқаратын лауазымы және тағайындалған күні \_\_\_\_\_

Жалпы еңбек өтілі \_\_\_\_\_, соның ішінде кітапханалық \_\_\_\_\_

Аталған кітапханадағы еңбек өтілі \_\_\_\_\_

Атқаратын лауазымындағы еңбек өтілі \_\_\_\_\_

Отырысқа аттестация комиссиясының \_\_\_\_\_ мүшесі қатысты.

Аттестация комиссиясының әр мүшесі толтырған, тіркеліп отырған бағалау парагына сәйкес дауыс беру нәтижелері бойынша қызметкердің қызметтің бағалау:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді (дауыс саны) \_\_\_\_\_;
  - 2) қайталама аттестаттаудан өтуге жатады (дауыс саны) \_\_\_\_\_;
  - 3) атқаратын лауазымына сай келмейді (дауыс саны) \_\_\_\_\_
- Аттестация комиссиясының шешімі \_\_\_\_\_

Аттестация комиссиясының ұсынысы (олар берілген уәжідерді көрсете отырып) \_\_\_\_\_

Аттестация комиссиясы тәрағасы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты  
(қолы)

Аттестация комиссиясы мүшелері \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты  
(қолы)

Аттестация комиссиясы хатшысы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты  
(қолы)

Аттестаттау өткізілген күн «\_\_\_\_\_» 2017 ж.

Аттестация парагымен таныстым «\_\_\_\_\_» 2017 ж.

(аттестацияланушының қолы)

**МП**

«\_\_\_\_\_» 2017 ж.

<i>Кожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-078-2017</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Ұылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</i>	<i>9 беттің 8 –ші беті</i>

ҚОСЫМША 2

## ТАНЫСУ ПАРАГЫ

<i>Кожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	УЕ-ХҚТУ-078-2017
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттін 9 –ші беті</b>

ҚОСЫМША 3

## **ӨЗГЕРІСТЕР ТІРКЕУ ПАРАГЫ**